

**«Панфилов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылдың 1-ші жарты жылдығындағы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі туралы есебі**

**1. Жалпыережелер.**

1. «Панфилов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұданәрі–бөлім) Панфилов ауданының аумағында ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды орындауға уәкілетті мемлекеттік мекеме болып табылады.

2.Бөлім өз қызметін мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру негізінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» туралы Заңы негізінде жұмыс атқарады.

Қызметті беруші туралы мәлімет:«Панфиловауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, почталық мекен-жайы: 041300, Алматы облысы,Панфилов ауданы,Жаркент қаласы, Розбакиев көшесі №22, байланыс тел. номері: 8(72831)5-09-66

**2018 жылдың 1 жарты жылдықта көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:**

Көрсетілген қызметтер саны барлығы-547.

Оның ішінде:

-Тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ(бар)екендігі туралы ақпарат беру (ХҚКО арқылы) – 25

-Тракторларды және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді, олардың тіркемелерін, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерді, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу -81

-Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу-60

-Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді,монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу -5

-Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру-89

- Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау-0

-Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау-0

- Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау -0

- Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау-0

- Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау-284

- Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтотофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау(ХККО арқылы) -3

## 2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттарға қол жеткізу көздері мен орындары: «Панфилов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ ғимаратында көрнекті ақпарат құралдары – стандарттар мен регламенттердің мәтінділінген стандарттар орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін азаматтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау

2018 жылдың 1-ші жарты жылдығында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ.

**Ескертпе:** «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңының 23-бабының 5 және 6-баптарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын жетілдіру мақсатында ұсынылды.

Панфилов ауданының  
Ауыл шаруашылығы  
бөлімінің басшысы



Ж.Наймантаев